

**"Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 58 Бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 30 наурызда № 2778 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті (Н.М. Ыбырайым) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім және ғылым вице-министрі М.Қ. Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов